

Қостанай облысы Қостанай ауданы Озерный ауылының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2014 жылғы 11 наурыздағы № 185 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 18 сәуірде № 4611 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2019 жылғы 9 сәуірдегі № 381 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 09.04.2019 № 381 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3-бабының 6-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Қостанай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырган Қостанай облысы Қостанай ауданы Озерный ауылының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қостанай облысы Қостанай ауданы Озерный ауылының жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай аудандық мәслихатының

кезектен тыс сессиясының төрағасы

С. Кульбеков

Қостанай аудандық

мәслихатының хатшысы

А. Досжанов

КЕЛІСІЛДІ:

Қостанай облысы Қостанай ауданы

Озерный ауылының әкімі

3. Комаров

Мәслихаттың

**Қостанай облысы Қостанай ауданы
Озерный ауылының бөлек жергілікті
қоғамдастық жиындарын өткізуудің қағидалары**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қостанай облысы Қостанай ауданы Озерный ауылының (бұдан әрі - Озерный ауылы) бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Укіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес әзірленді және Озерный ауылы тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің тәртібін белгілейді.

2. Озерный ауылының аумағындағы ауыл тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі

2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі

3. Бөлек жиын Озерный ауылының әкімімен шақырылады.

Қостанай ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге он шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Озерный ауылының шегінде бөлек жиынды өткізууді Озерный ауылының әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Озерный ауылының тұрғындары қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Озерный ауылының әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Озерный ауылының әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Озерный ауылының тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Қостанай аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Озерный ауылы әкімінің аппаратына береді.

Мәслихаттың
2014 жылғы 11 наурыздағы
№ 185 шешіміне қосымша

Қостанай облысы Қостанай ауданы Озерный ауылының жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

№	Елді мекеннің атауы	Қостанай облысы Қостанай ауданы Озерный ауылының тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
1	Қостанай облысы Қостанай ауданы Озерный ауылының тұрғындары үшін	70